

Үшінші ғылым айы



6-8 66


Осы санда

ПОЛУЧАТЬ
НОВЫЕ ЗНАНИЯ —
ЭТО БОЛЬШОЕ СЧАСТЬЕ



13-стр

АЛДАҒЫ МАҚСАТЫМ —
АЛТЫН ЖҮЛДЕ



14-6

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФОРУМ



Корпоративті қосымшада

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



УНИВЕРСИТЕТКЕ СУ РЕСУРСТАРЫ БОЙЫНША САРАПШЫ КЕЛДІ

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетіне су ресурстары бойынша сарапшы Ирина Мун келді.

Су ресурстары секторының сарапшысы ЖОО басшысы Лаура Қарабасовамен кездесіп, Ақтөбе облысының су шаруашылығы саласындағы бірлесіп атқаруға ниетті жұмыстар барысын талқылады. Ирина Мун британдық Шеффилд университетінің түлегі, су инженериясы саласы бойынша ғылым магистрі.

Өзара талқылаудың негізі флад менеджментке және осы саладағы зерттеулерге арналды. «Бүгінгі тақырып еліміз үшін де өте өзекті, осыған байланысты университетіміздің ғалымдары сумен қамтамасыз ету, суды үнемдеу және дренаждық жүйелерді дамыту бойынша бірлесе жұмыс істеуге дайын екендіктерін білдірді.

Атап айтқанда, аймақтық проблемаларды шешуде кейс-стади әдісін қолданбақшымыз, яғни: су теңгеріміне, су ресурстарының бөлінуіне зерттеу жүргізу, табиғи апаттарға қарсы тұру стратегияларын әзірлеу тәрізді жұмыстарды атқаратын боламыз», — деді Лаура Қарабасова.

Кездесуде «Ландшафттық дизайн» білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу мүмкіндігі де талқыланды. Бұл білім беру бағдарламасы екі жылдан бері сәтті жүзеге асырылуда, мамандықта оқитын студенттердің бәрі мемлекеттік білім гранты бойынша білім алуда. «Ландшафт жобалау» мамандығы бойынша гидрологияға қатысты жаңа трансдисциплинарлық траектория құрылатын болады.

УНИВЕРСИТЕТ ПОСЕТИЛА ЭКСПЕРТ ПО ВОДНОМУ РЕСУРСУ

Zhubanov University посетила эксперт по водному сектору Ирина Мун. Встреча с ректором Лаурой Карабасовой была посвящена обсуждению совместной работы в секторе водных ресурсов Актюбинской области. Ирина является выпускницей британского университета Шеффилд, магистр наук в сфере водного инжиниринга.



Одним из ключевых моментов обсуждения стал флад менеджмент и исследования в данной области.

«Тема на сегодня представляет высокую актуальность для страны и международного сообщества, в связи с этим учёные университета Жубанова выразили готовность сотрудничать и работать в направлении водоснабжения, водосбережения и развития дренажных систем. А именно будем применять метод кейс-стади для решения проблем региона: проводить исследования водного

баланса, изучать распределение водных ресурсов и разрабатывать стратегии по противодействию стихийным бедствиям», — сказала Лаура Карабасова.

Также на встрече была обсуждена возможность внесения изменений в образовательную программу «Ландшафтное проектирование». Данная образовательная программа функционирует уже два года, успешно реализовывается, все студенты обучаются на государственном образовательном гранте. В специальности «Ландшафтное проектирование» будет создана новая трансдисциплинарная траектория, связанная с гидрологией.

A WATER RESOURCE EXPERT VISITED THE UNIVERSITY

An expert on the water sector, Irina Moon, visited Zhubanov University. Meeting with the rector with Laura Karabasova was dedicated to discuss joint work in the water resources sector of the Aktobe region. Irina is a graduate of the British University of Sheffield, Master of Science in Water Engineering.

One of the key points of discussion was flood management and research in this area.

«The topic today is of high relevance for the country and the international community, in this regard, scientists from Zhubanov University expressed their readiness to cooperate and work in the direction of water supply, water conservation and the development of drainage systems. Namely, we will use the case study method to solve the problems of the region: conduct research water balance, study the distribution of wa-

ter resources and develop strategies to counteract natural disasters», — said Laura Karabasova.

Also discussed at the meeting was the possibility of making changes to the educational «Landscape Design» program. This educational program has been operating for two years, it is being successfully implemented, all students are studying on a state educational grant. In the specialty «Landscape Design» a new transdisciplinary trajectory related to hydrology will be created.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҚҰНДЫ КІТАПТАР МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР

Zhubanov University Ғылыми кітапхана-сында баспадан шыққан кезі 1934 жылдан басталатын, орыс тіліндегі және төте жазумен жазылған 8500 дана құнды кітаптар мен қолжазбалар бар.

Ғылым айы аясында кітапханада осы сирек кітаптар қойылған көрме өтті. Көрмені университеттің профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылары қызыға тамашалады. Тұрақты оқырман, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нұртаза Абдоллаев «Білімнің мөлдір бұлағы осы кітапханада. Заман өзгерді, жаңа IT технологиялар пайда болды, дей тұрған-

қызықтырыпты. "Көне кітаптардың орны ерекше, оны кітапханада сақтау және студенттерге таныстыру маңызды. Кітаптардың арасында төте жазу әліпбиінде басылған кітаптардың түпнұсқалары бар екен. Бұлар өте құнды еңбектер, Қытай қазақтарының біразы әлі күнге дейін төте жазуды қолданады", — дейді ол.

Ғылыми кітапхананың кітап қоры 1 млн 25 мыңға жуық. Оқырмандар 16 тілде басылған кітаптарды алып оқуына болады.

ЦЕННЫЕ КНИГИ И РУКОПИСИ

В фонде научной библиотеки Zhubanov University хранится 8500 экземпляров цен-

трудов, даже если была создана их электронная версия, узнать, что в них написано. Это свидетельство источника науки, направление в будущее», — сказал ученый.

По мнению проректора по социальным делам и воспитанию Еркина Тастанкулова, организация выставки старинных книг и рукописей из фонда научной библиотеки является очень необходимым инструментом воспитания. Близкое знакомство с наследием предков будет способствовать формированию у молодежи культуры, уважения к истории, традициям.

А декан факультета менеджмента в педагогике и образовании Абылай Каринов заинтересовался книгами на «төте жазу». «Книги с вековой историей имеют особое место, их важно хранить в библиотеке и знакомить студентов. Среди книг — оригиналы, напечатанные алфавитом «төте жазу». Это очень ценные произведения», — говорит он.

Книжный фонд научной библиотеки составляет около 1 млн 25 тысяч экземпляров. Читатели могут изучать книги, напечатанные на 16 языках.

VALUABLE BOOKS AND MANUSCRIPTS

The collection of the scientific library of Zhubanov University contains 8,500 copies of valuable books and manuscripts published since 1934, in Russian and written in the "Tote Zhazu" script (an alphabet for the Kazakh language based on Arabic writing, developed by linguist Akhmet Baitursynov).

As part of Science Month, the library hosted an exhibition of these rare books. The event was attended with interest by the teaching staff and students of the university. A regular reader of the library, Doctor of Historical Sciences, Professor Nurtaza Abdullaev noted that a storehouse of knowledge is in this library. "Times have changed, new IT technologies have appeared, but for the younger and subsequent generations it is important to see and touch the originals of ancient works, even if their electronic version was created, to find out what is written in them. This is evidence of the source of science, a direction to the future", - the scientist said.

According to Vice-Rector for Social Affairs and Education Erkin Tastankulov, organizing an exhibition of ancient books and manuscripts from the scientific library is a very necessary educational tool. Close acquaintance with the heritage of our ancestors will contribute to the formation of culture, respect for history and traditions among young people.

And the dean of the Faculty of Management in Pedagogy and Education, Abylai Karinov, became interested in books on "tote zhazu". "Books with a centuries-old history have a special place; it is important to store them in the library and introduce them to students. Among the books are originals printed in the "tote jazu" alphabet. These are very valuable works", — he says.

The book fund of the scientific library is about 1 million 25 thousand copies. Readers can study books published in 16 languages.



мен, бұл көне еңбектерді, тіпті олардың электрондық версиясы жасалған болса да, түпнұсқасын көріп, қолмен ұстап көру, оның ішінде не жазылғанын білу ұрпақ үшін керек, бұл ғылым қайнарының дәлелі, болашаққа бағыт» — дейді.

Ал Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Еркін Тастанқұловтың пікірінше ғылыми кітапхана қорындағы көне кітаптар мен жазбалар көрмесін ұйымдастыру тәрбие құралы ретінде өте қажетті шара. Ата-бабадан қалған мұрамен жақын танысу жастардың төл дәстүрін, тарихын қадірлеп, сыйлау мәдениетін қалыптастыруға бағыт береді.

Ал Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің деканы Абылай Кариновты төте жазудағы кітаптар

ның книг и рукописей, изданных с 1934 года, на русском языке и написанных шрифтом «төте жазу» (алфавит для казахского языка на основе арабского письма, разработанный лингвистом Ахметом Байтурсиновым).

В рамках месяца науки в библиотеке прошла выставка данных редких книг. Мероприятие с интересом посетили профессорско-преподавательский состав и студенты университета. Постоянный читатель храма книг, доктор исторических наук, профессор Нуртаза Абдуллаев отметил, что кладезь знаний находится в этой библиотеке. «Времена изменились, появились новые IT-технологии, но для подрастающего и последующих поколений важно увидеть и потрогать подлинники древних

Методу

Ғылымға баулу бағытында МОЛ ЖҰМЫС АТҚАРДЫ

2023 жылдың 24 қазанында әріптесіміз, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Педагогика және білім берудегі меңеджмент факультеті, Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Адильшинова Зина Үсейінғазықызы (1971-2023) өмірден өтті. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Зина Үсейінғазықызы өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырып, студенттер мен магистранттарға білім беріп, ғылымға баулу бағытында мол жұмыс атқарды.

Адильшинова Зина Үсейінғазықызы 1971 жылы 4 ақпанда Ақтөбе облысы Шалқар қаласында қызметкердің отбасында дүниеге келген. 1991-1996 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтын «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша аяқтаған. Сондай-ақ «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандығы бойынша жоғары білімі болды.

Алғаш еңбек жолын 1988-1989 оқу жылы Алматы қаласындағы Қ.Мұңайтпасов атындағы №13 мектеп-интернатында бастаған. 1996-2004 жылдары Ақтөбе қаласы №21 қазақ орта мектебінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2004-2005 жылдар аралығында Ақтөбе облыстық физика-математика бағытындағы мамандандырылған мектеп-интернатында қазақ тілі және

лымдарының кандидаты дәрежесін иеленді.

2011-2018 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Педагогика, психология және бастауышта оқыту кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

З.Ү.Адильшинова жоғары білім беру саласында еңбек еткен жылдары республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып, бастауыш мектептегі білім беру мен тәрбиелеудің өзекті мәселелеріне қатысты пайымдауларымен бөлісіп отырды, оның 70-ке жуық ғылыми мақалалары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті ұсынған журналдар мен республикалық, халықаралық конференциялар материалдарында жарық көрді. Ол — «Кәсіби құндылық бағдар» атты әдістемелік



әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. 2005-2008 жылдарда Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтында, Бастауыш оқытудың теориясы мен технологиясы кафедрасында оқытушы болып қызмет етті.

2008-2010 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде офис регистратор бөлімінің бастығы, оқу бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 2009 жылы «Қазіргі мектепте оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» монографияларының, жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Қазақ тілі», «Орыс тілі» оқулықтарының авторы.

Зина Үсейінғазықызы өзінің кәсіби біліктілігін арттыруда да тынымсыз еңбек етті. 2013 жылы Португалияның Лиссабон қаласында тағылымдамадан өтсе, 2018 жылы Астана қаласында ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша тренерлер курсы аяқтады.

Зина Үсейінғазықызының өмірі-



нің тең жартысын білім саласына арнаған тұлға ретінде тануға мүмкіндік берер еңбегі «Республикалық қосымша білім беру әдістемелік орталығында» оқушыларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог кадрларға арналған біліктілік арттыру курстарында бірнеше жылдар бойы дәріс оқып, шеберлік сыныптарын өткізуі де дәлел болады. Ол оқулықтар сапасын практикалық талдауда Республикалық «Оқулық» орталығымен тығыз жұмыс жасады.

Әр жылдары тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолында қол жеткен табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Ақтөбе облыстық кәсіподақ комитетінің Алғыс хатымен, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ректорының Алғыс хатымен марапатталды.

Ғылым-білім саласындағы осындай табыстарымен қатар Зина Үсейінғазықызы Адильшинова жанұяда аяулы жар, ардақты ана, сүйікті әже болса, жолдастары мен әріптестері арасында жарқын жүзді дос, ұжымның құрметіне бөленген кәсіби білікті маман болатын.

Зина Үсейінғазықызының ұлағаты мен өнегесі талай білім алушыға азық болары сөзсіз, өйткені ол — өзінің ұстаздық жолында студенттердің жанашыры болған, жүрек жылуын, мейірім шуағын жас ұрпақтан аямаған жан. Болашақ мамандардың бойында адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына үлес қосып, оларға ата-анасындай тәр-

бие беріп, әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді бола білді. «Ұлағатты ұстаз» деген құрметті бәрінен де жоғары қоятын.

«Ұстаздың еңбегі тот баспайтын асыл дүние. Ол жас болса да кафедра меңгерушісі қызметін атқара жүріп, өзінің еңбекке деген құлшынысын, үлкен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Зина студенттермен әртүрлі ұлттық сипаттағы шаралар өткізіп, жастардың жүрегіне жол тауып, бастамаларына қанат бітіріп, көтеріңкі көңіл сыйлаушы еді. Зина Үсейінғазықызы жастар жанын түсінетін керемет психолог еді, оған деген студенттердің ықыласы ерекше болды.

Өзі де, жаны да сұлу ұстаз жаңа көзқарас, жаңа технология, жаңа әдістеме пайдалану кезінде білімі мен іскерлігін шебер ұштастыра отырып, жаңа этнопедагогикалық бағдарламамен жұмыс жасады.

Зина Адильшинова жастарға ақыл мен білім дәнін себе отырып, тәуелсіз еліміздің әлеуметтік рухани жаңғыруына өз үлесін қосты», — дейді педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Әмірбаева Күләш Охасқызы.

Адильшинова Зина Үсейінғазықызының жаны жайсаң, ойы сергек, үлкенге құрметпен, кішіге ілтипатпен қарайтын, тұла бойы парасаттылыққа толы болған жарқын бейнесі әріптестерінің және шәкірттерінің мәңгі ешнубе.

Zhubanov University
Мектепке дейінгі және
бастауыш оқыту кафедрасы

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ДАЙЫНДЫҚ

Өңір диқаншылары көктемгі егіс жұмыстарына дайындықты бастады.

Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы — 756,5 мың гектарды құрайды.

446,3 мың гектар жерге — дәнді, 62,2 гектарға — майлы, 11,2 мың гектарға картоп пен көкөніс-бақша дақылдарының дәні себілсе, 236,8 мың гектар аумаққа мал азығы егіледі.

Биылғы жылы көктемгі егіске ауыл шаруашылығы дақылдарының 49,9 мың тонна тұқымы қажет, бүгінгі таңда соның 45,8 мың тоннасы қамбаға салынды. Егіс жұмыстары шамамен мамыр айының ортасында басталады. Оған дейін шаруашылықтарды тұқыммен толық көлемінде қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Бұған қатысты барлық мәселенің жауабы шешілді. Майлы дақылдардың тұқымы жеткілікті.

— Дәнді дақыл егісін қай кезден де көбірек салатын — Әйтеке би, Қарғалы, Мәртөк, Хромтау аудандары. Егістіктердің негізгі үлесі, яғни 76,2 пайызы осы аудандарда орналасқан. Облыс бойынша дәнді дақылдар түсімі гектарына 10,4 центнер болса, Қарғалы ауданындағы шаруалар 1 гектардан 14,7 центнер өнім алды. Қобда ауданы гектарынан — 11,8 центнер, ал Хромтау ауданы 11,7 центнер жинады, — деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Нұрбек Райымбаев.

Жоспарға сәйкес, облыста көктемгі далалық жұмыстарын жүргізуге 1600 трактор, 100-ден астам егіс кешендері, 1300 тұқым себетін және 1600 жер өңдейтін техника жұмылдырылады, — деп жазады Ақтөбе облысы әкімдігі Баспасөз қызметі.

ПОДГОТОВКА
К ПОСЕВНЫМ РАБОТАМ

Аграрии приступили к весенне-посевным работам. Площадь сельскохозяйственных культур в Актыбинской области составляет 756,5 тыс. га.

Под зерновые отдано 446,3 тыс. га, масличные культуры займут 62,2 тыс. га, картофель и овощи — 11,2 тыс. га, кормовые культуры — 236,8 тыс. га. В этом году для посадки необходимо 49,9 тысяч тонн семян сельскохозяйственных культур, из них на

сегодняшний день заложено 45,8 тысячи тонн. Посадка планируется в середине мая. До тех пор еще есть возможность обеспечить хозяйства семенами в полном объеме. В достаточном количестве припасено масличных культур.

«Самыми зерносеющими районами в регионе считаются Айтекебийский, Каргалинский, Мартукский и Хромтауский. На их долю приходится 76,2 процента посевных площадей. Если по области урожайность зерновых составляет 10,4 центнера с одного гектара, то в Каргалинском районе аграрии с одного гектара собирают 14,7 центнера зерновых, в Хромтауском — 11,7 центнера, в Кобдинском — 11,8 центнера», — рассказал руководитель отдела областного управления сельского хозяйства и земельных отношений Нурбек Раймбаев.

В весенне-полевых работах будут задействованы 1600 тракторов, более 100 посевных комплексов, 1300 сеялок и 1600 почвообрабатывающих машин, — сообщили в Пресс-службе акимата Актыбинской области.

PREPARING FOR SOWING

Farmers have begun spring sowing work. The area of agricultural crops in the Aktobe region is 756.5 thousand hectares.

446.3 thousand hectares are allocated for grain crops, oilseeds will occupy 62.2 thousand hectares, potatoes and vegetables — 11.2 thousand hectares, fodder crops — 236.8 thousand hectares. This year, 49.9 thousand tons of agricultural seeds are needed for planting, of which 45.8 thousand tons have been planted to date. Planting is planned for mid-May. Until then, it is still possible to provide farms with seeds in full. Sufficient quantities of oilseeds are stored.

“The most grain-growing areas in the region are considered to be Aitekebi, Kargaly, Martuk and Khromtau. They account for 76.2 percent of the sown area. If in the region the grain yield is 10.4 centners per hectare, then in the Kargaly district farmers collect 14.7 centners of grain per hectare, in Khromtau district — 11.7 centners, in Kobda — 11.8 centners”, — said the head of the department Regional Department of Agriculture and Land Relations Nurbek Raimbaev.

“1,600 tractors, more than 100 sowing complexes, 1,300 seeders and 1,600 tillage machines will be involved in spring field work”, — the press service of the Aktobe region akimat reported.



Science Month

МАҚСАТ — ҒЫЛЫМҒА ЫНТАЛАНДЫРУ

Ғылыми ортаны ынталандыру мақсатында және ғылыммен айналысатын жастардың қызығушылығын арттыру үшін біздің университеттегі дәстүрлі Ғылым апталығы соңғы жылдары Ғылым айы ретінде өтуде.

Биыл «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-да «Ғылым айы» шарасы үшінші жыл қатарынан өткізілді. Үстіміздегі жыл бойы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау үшін Ғылым айында әр форматтағы және тақырыптағы 75-тен астам шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, атаулы даталар, ұлы тұлғалардың мерейтойлары да ұмыт қалмады. Мысалы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының негізін салушы, тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция, филология факультеті ұйымдастырған академик Р.Сыздықтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Ана тілінің абызы» ғылыми апталығы.

Ғылым айының барысында, 2-30 сәуір аралығында, 7 ғылыми конференция, 12 байқау, 6 дөңгелек үстел, 6 семинар, 3 ғылыми көрме, 2 танымдық кеш, 3 шетелдік ғалымдардың дәрістері, 2 олимпиада, халықаралық форум және тағы да



Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті мен өзіміздің университеттің «Математика» білім бағдарламасының студенттерінен құралған командалар өзара жарысқа түсті.

9-10 сәуір аралығында Ақтөбе өңірлік университетінің жаратылыстану факультеті базасында Құдайберген Жұбановтың 125 жылдығына арналған «Фармацевтика, мұнай өнеркәсібі, экология, био және нанотехнология үшін жаратылыстану ғылымының өзекті мәселелері және функционалдық полимерлер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты — ақпарат

ҮШІНШІ ҒЫЛЫМ

Арнайы беттер

басқа тренингтер мен апталықтар ұйымдастырылды.

Дарынды мектеп оқушыларын университетке оқуға түсуге тарту және кәсіби бағдар беру мақсатында облыстық олимпиадалар ғана емес, 7-11 сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар сайысы да ұйымдастырылды.

2 сәуірде Ғылым айының ашылу салтанаты өтті. Шараның ашылу күнінде университетіміз есімін иеленген ғалым, тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры, түркітанушы Құдайберген Жұбановқа арналған көрме өткізілді. Көрмеде ғалымның кітаптары,

қолданған жазу машинкасы, марапаты, 200-ге жуық оған арналған экслибрис туындылары қойылып, өмір жолы туралы бейнеролик көрсетілді.

4-5 сәуір аралығында Батыс өңіріндегі жоғары оқу орындары студенттерінің арасында «Математикалық тартыс» сайысы өтті. Аталған шара физика-математика ғылымдарының докторы, университеттің Құрметті профессоры Марат Ахметтің 70 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Сайыста Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

алмасуға және полимерлер химиясы мен физикасы саласындағы жетістіктерді талқылауға ықпал ететін жағдайлар жасау, сондай-ақ жаңа шығармашылық байланыстар құру және қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Бұл бірегей іс-шараға Ұлыбританиядан Хуторянский Виталий Викторович, Беларусьдан Костюк Сергей Викторович, Өзбекстаннан Атаханов Абдумуталиб сияқты танымал әлемдік ғалымдар келіп, қонақ болды. Сонымен қатар конференцияға Қазақстанның түкпір-түкпірінен: Атырау, Алматы, Астана, Семей және Қарағандыдан келген отандық ғалымдар да қатысты.

Жылдағы дәстүр бойынша 12 сәуірде «Жастар, ғылым және инновация» ХХ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Ал 15-19 сәуір аралығында академик Р.Сыздықтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Ана тілінің абызы» апталығы өтті. Апталық аясында «Р.Сыздық оқулары» және «Қазақ тілінің білгірі» атты олимпиадалар ұйымдастырылды.

16 сәуірде «Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл» тақырыбындағы тарихи-танымдық кеш өтті. Аталмыш кеште «Қазақ мәдени ғылыми-зерттеу институтының» директоры Өскенбай Қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Қазақстан тари-



хы» кафедрасының меңгерушісі Атығаев Н., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының профессоры Ахметова Ұ.Т., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Тарих және дінтану» кафедрасының меңгерушісі Избасарова Г.Б., ҚР ҒЖБМ Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері Бисембаев А.А. сынды отандық ғалымдар баяндама жасады.

19 сәуірде «Жұбанов университетіндегі құнды кітаптар мен қолжазбалар» коллекциясы көрмесі өткізілді. Құнды кітаптар мен қолжазбалар әдебиеттер қоры ғылыми жұмыс-

АЙЫ



Ғылым күнімен құттықтады

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 12 сәуір — Ғылым күніне орай ғылыми қызметкерлерге құттықтау жолдады.



Құрметті әріптестер, қадірлі достар!

Бүгін біздің кәсіби мерекеміз — Ғылым қызметкерлері күні. Осыған орай барша ғалымдар мен зерттеушілеріміздің дүниені тануға деген ұмтылысын, олардың зияткерлік күшқуатын, ғылыми жаңалық ашуға үлесін ерекше атап өткім келеді.

Қазақстанның ғылыми қауымдастығы — қисыны қиын ғылыми мәселелерді шешуге қабілетті, зерттеу саласының жарқын бағытын айқындайтын шабыт пен жаңашылдықтың қайнар көзі. Ел алдына қойылған ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық сұрақтарды шешуде фундаменталды да, қолданбалы ғылымның рөлі ерекше.

Ғалымдар, оқытушылар, зерттеушілер мен ғылымның өзге де қызметкерлерінің біліктілігін, кәсіби жұмысын мақтан тұтамыз.

Министрліктің және өз атымнан ғалымдар мен зерттеушілерге, ғылым саласына жақын барша ұжымға алғысымды білдіремін. Ерен еңбектеріңіз бен тәжірибелеріңіз — еліміздің өркендеуінің баға жетпес қайнары!

Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтаймын! Жаңа белестерді бағындыруды, жаңа жетістіктер мен инновациялар тілеуімін! Қазақстандық ғылымның дамуына қосқан үлестеріңізге алғыс білдіремін!



тармен айналысатын ғалымдар үшін таптырмас қазына. Құнды кітаптар мен қолжазбалар коллекциясы ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік, эстетикалық және полиграфиялық еңбегімен ерекшеленетін сирек немесе ерекше құнды құжаттарды қамтитын негізгі қордың бөлігі болып табылады. Кітап көрмесіне кітапхана қорындағы 1717 жылдан бастап басылып шыққан, пішіндері үлкен көп томдық араб, орыс, қазақ, ағылшын тілдеріндегі жалпы саны 58 кітап қойылды. Ал 26 сәуірде «Lexiqamus» — көне қазақ тілімен танысуға

мүмкіндік беретін бағдарламамен танысу өтті. Іс-шараның мақсаты: қатысушыларды араб графикасына негізделген мәтіндерді транскрипциялау бағдарламасының мүмкіндіктерін зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа технологиялармен таныстыру.

29 сәуірде ғылымды коммерциаландыру, идеяларды бизнеске айналдыру тақырыбына арналған халықаралық форум өткізілді. Форумның мақсаты — ғылыми идеяларды коммерцияландыру және оларды инновациялық өнімдер мен қыз-

меттерге айналдыру үдерісіне жәрдемдесу болып табылады.

30 сәуірде Ғылым айының жабылу салтанаты өтіп, ғылымдағы Жыл үздіктері анықталды.

Осылайша үшінші Ғылым айы да сәтті аяқталып, ғылыммен айналысушы жастардың көбеюіне себепші болды, оларды ғылымға ынталандыру мақсатымыз орындалды.

Ербол Шабанов
Zhubanov University
Ғылым және инновациялар
департаментінің
директоры

Science Month

ҮШІНШІ ҒЫЛЫМ АЙЫ

Арнайы беттер

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ҒЫЛЫМҒА АРНАЛДЫ

12 сәуірде, Ақордада, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы өтті.

Қазақтың ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келетін Ғылым қызметкерлері күнінде Мемлекет басшысы алдымен еліміздегі қазіргі ахуалға тоқталып, барлық мәселенің шешу жолы ғылымға негізделетінін баса айтты.

Экономика мықты болуы үшін ғылыми әлеуетімізді күшейту маңызды. Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы отандық ғылымды дамытудың 5 бағытын нақтылады.

Президент университет ғылымына тоқтала отырып, ғылым мен жоғары білімнің біртұтас дамуын қамтамасыз ету үшін Академиялық

басымдық орталықтарын құру жобасының бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арқылы жүзеге асатынын хабарлады. Бұл — өңірлік университеттер үшін үлкен қолдау.

Өңірлерде инфрақұрылымнан бөлек, кадрлардың ірі орталық қалаларда шоғырлануы және өңірлік кадрлардың инерттілігі проблемасы бар.

Мемлекет басшысы кадрлық әлеуетке арнайы тоқталды. Жас мамандарды өңірлік университеттерде еңбек етуге және зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандыратын пәрменді механизмдерді жасау керектігін айтты.

Бұл орайда Zhubanov University алдағы оқу жылына арналған ғылыми кадрлар даярлаудың кешенді жоспарын қолға алды. Біріншіден, өңірге жас Ph.D. мамандарды тартудың жаңа бағдарламасын әзірлеудеміз. Екіншіден, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен британиялық серіктестерімізбен бірге split Ph.D. бағдарламасы арқылы халықаралық сапа талаптарына сай докторларды дайындауды жеделдетуді көздеп отырмыз. Үшіншіден, өзіміздің әріптестерімізге ағылшын тілін оқуға жағдай жасауды және “500 ғалым” жобасы аясында шетелдік белді орталықтарда тағылымдамадан өткізуді жалғастырамыз.

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры
Білім беру саласы бойынша Ph.D.

ЖАС ҒАЛЫМДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Zhubanov University Ғылым айының қорытындылауына орай кеңейтілген Ғылыми кеңес мәжілісін өткізді.

Жиында Ғылым айы аясында белсенділік танытқан және университеттің ғылыми-зерттеу саласын дамытуда елеулі үлес қосып жүрген үздіктер марапатталып, университеттің 5 жас ғалымына пәтерге сертификат табысталды. Сонымен қатар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан бірқатар оқытушылар мен қызметкерлер «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, Құрмет грамотасы және Алғыс хаттармен марапатталды.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасова университеттің ғылыми жетістіктеріне тоқталып, мемлекет тарапынан ғылым сала-

сына көрсетіліп жатқан қолдау туралы айтты.

«Бүгінгі таңда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен бірқатар ғылыми жобаларымыз сәтті жүзеге асуда. Әсіресе, жас ғалымдарымызға беріліп жатқан мүмкіндіктердің бірі — «Жас ғалым» ипотекалық несие беру бағдарламасы. Биыл бұл бағдарлама арқылы 5 әріптесіміз баспаналы болып отыр», — деді университет ректоры.

Баспанаға ие болған Ғылым және инновациялар департаментінің аға ғылыми қызметкері Жайнар Сатбай қуанышымен бөлісті.

«Жас ғалым» бағдарламасы бойынша тиімді шарттармен жеке



баспана алу мүмкіндігіне ие болып отырмын. Өте қуаныштымын. Бұл біз сияқты жас ғалымдарға ғылыммен еркін айналысу үшін жігер береді. Қолдау білдірген ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне, университет басшылығына алғысым шексіз», — деді жас ғалым.

Ғылым айы аясында университетте 75-ке жуық іс-шара ұйым-

дастырылды. Олардың қатарында шетелдік ғалымдардың қатысуымен халықаралық конференциялар, семинарлар, ғылымды қаржыландыруға бағытталған халықаралық форум және дарынды оқышылардың ғылыми жобалар байқаулары мен олимпиадалар өтті.

Zhubanov University
Баспасөз қызметі



Арнайы беттерді дайындаған
Гүлнара Қараша



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

10 ОТБАСЫҒА ҮЙ ТARTY

Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты, кәсіпкер Самат Қалдығұлов су тасқыны кезінде баспанасы суға кеткен тұрғындарға 10 үй алып бермек.

Ол үшін халық қалаулысы туған жері — Алға ауданы Аманкелді ауылының тұрғындарына үн салды.

Самат Қалдығұловтың туған жеріне тарту жасауы бірінші емес. Осыған дейін ол «Реймқұл» ШҚ ұжымының күшімен Аманкелді ауылында монша салып, мектеп ғимаратын жөндеген. 86 миллион теңгеден астам сомаға су құбыры жүйесі толығымен жаңартып, электр сорғыларын ауыстырған. Мәдениет үйін де салып берген.

Депутат туған ауылын өте жақсы көреді, ол ауылы мал бағуға қолайлы екенін, сол арқылы мол табыс табуға болатынын айтады.

— Су тасқыны кезінде қалада қаншама отбасының баспанасына су кіріп, әбігерге түсті. Қазір оларға мемлекет тарапынан қажетті көмек көрсетіліп жатыр. Дегенмен менің ұсынысым осы: қалада жеке баспанаға қолы жетпей жүргендерге немесе қиындықтарға тап болған отбасыларға қолдау білдіргім келеді. Оларға өз қаржымнан үй тарту етуге дайынмын. Жұмыспен де қамтамасыз етемін, — дейді депутат.

ЖИЛЬЕ 10 СЕМЬЯМ

Депутат областного маслихата, предприниматель Самат Калдыгулов намерен подарить пострадавшим от паводка 10 домов.

Народный избранник свое предложение озвучил землякам, жителям села Амангельды Алгинского района.

Это не первая помощь Самата Калдыгулова родному селу. Силами коллектива КХ «Реймкул» в Амангельды построена баня, отремонтировано здание школы. За более чем 86 миллионов тенге полностью обновлена водопроводная система, заменены электронасосы, и теперь в каждом доме есть вода. Также построен Дом культуры. Депутат отметил, что в селе есть много возможностей для садоводства и выпаса скота.

«В селе Амангельды Алгинского района я готов предоставить жилье, где можно не просто переждать беду, а переехать на постоянное место жительства. Дома оснащены газом, во-



дой, электричеством. В селе есть девятилетняя школа. С занятостью тоже проблем не будет», — сказал депутат.

HOUSING FOR 10 FAMILIES

Deputy of the regional maslikhat, businessman Samat Kaldygulov intends to donate 10 houses to flood victims.

The people's representative voiced his proposal to his fellow countrymen, residents of the village of Amangeldy, Alga district.

